ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылы 06 қаңтар №7119-24-00-2/16668 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Экспомед» ЖШС
ЖК «Sop Tender» атынан Сопбеков Амир Онгарбекович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК жауапкер «Экспомед» ЖШС, ЖК «Sop Tender» атынан Сопбеков Амир Онгарбековичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Экспомед» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Экспомед» ЖШС-нан «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК-ның пайдасына 31 710 (отыз бір мың жеті жүз он) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 951 (тоғыз жүз елу бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 06.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 14.02.2025, судья Абенова А. Ч., 17.02.2025
7119-24-3-1/16174

«Экспомед» ЖШС-нан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

ЖК «Sop Tender» атынан Сопбеков Амир Онгарбекович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Sop Tender» атынан Сопбеков Амир Онгарбековичтен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК-ның пайдасына 91 563 (тоқсан бір мың бес жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2 747 (екі мың жеті жүз қырық жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

ЖК «Sop Tender» атынан Сопбеков Амир Онгарбековичтен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 06.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.02.2025, судья Абенова А. Ч., 17.02.2025

7119-24-3-1/16174